

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 маусымдағы N 483 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 наурыздағы N 274 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 683 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Республикалық мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 маусымдағы N 483 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., N 19, 214-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген жалпымемлекеттік міндеттерді орындау үшін қажетті мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) тізбесі мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын :

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

51. "Қазагрэкс" акционерлік қоғамы 100%";

3) көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері (қатысу үлестері) бәсекелі ортаға берілуі тиіс акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы 20-1, 20-2-жолдармен толықтырылсын:

"20-1. "Тың машина сынау станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1 0 0 % ;

20-2. "Сынаушы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 51%".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі